skills and cyberbullying reduction: a study among teenagers in Kazakhstan. *International Journal of Evaluation and Research in Education,* 13, 6, 4170-4188. DOI: https://doi.org/10.11591/ijere.v13i6.28418 [Electronic resource]: URL: https://ijere.iaescore.com/index.php/IJERE/article/view/28418 (date of access: 28.02.2026).

Sulejmenova Zh.T., Sejitkazy P.B. (2024) Zhogary oku ornynda studentterdin cifrlyk etiket dagdylaryn kalyptastyru. *European Research Materials,* 5 [Electronic resource]: URL: https://ojs.publisher.agency/index.php/ERM/article/view/2992 (date of access: 28.02.2026).

Sajlybaeva K. (2026) Cifrlyk ortadagy bilim berude studentterdin emocionaldyk turaktylygyn zertteu. *KazUU Habarshysy: Psihologiya zhane aleumettanu seriyasy*, 96(1), 42-50. DOI: https://doi.org/10.26577/JPsS20269614 [Electronic resource]: URL: https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/2241 (date of access: 28.02.2026).

Поступила в редакцию: 04.03.2026
Одобрена: 12.04.2026
Первая публикация: 28.06.2026

МРНТИ: 15.01.77 https://doi.org/10.65247/3136-8042-2026-3.08

L.KURDEK CRSI ӘДІСІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУЛЕРІ МЕН ПСИХОМЕТРИЯСЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ ШОЛУ

*[1]Ш.ЖАНДӘУЛЕТҚЫЗЫ, [1]А.М.АЙТЫШЕВА
[1]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Астана, Қазақстан)
*shynar.zhandaulet2004@gmail.com, aigulmukatay3@gmail.com

Аңдатпа. Бұл зерттеу Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI) әдістемесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін талдауға және оның орыс тіліндегі нұсқасының психометриялық сипаттамаларын студенттік таңдамада пилоттық деңгейде тексеруге бағытталған. Зерттеуде қақтығыстарды шешу стильдерінің классикалық және қазіргі заманғы теориялық модельдері қарастырылып, CRSI әдістемесінің халықаралық бейімделу тәжірибесіне шолу жасалды. Эмпирикалық зерттеу онлайн форматта жүргізіліп, оған 25 студент қатысты. Зерттеу барысында әдістеменің төрт шкаласы бойынша сипаттамалық статистика көрсеткіштері және ішкі үйлесімділік коэффициенттері (Cronbach's α) есептелді. Алынған нәтижелер шкалалардың көпшілігі бойынша сенімділіктің қанағаттанарлық деңгейін, ал «Позитивті мәселені шешу» шкаласының жоғары ішкі үйлесімділігін көрсетті. Зерттеу қорытындылары CRSI әдістемесінің студенттік аудиторияда тұлғааралық қақтығыстарды шешу стратегияларын бағалауға жарамды екенін және оны кеңейтілген әрі репрезентативті таңдамада әрі қарай қолданудың орындылығын негіздейді.
Түйін сөздер: қақтығыстарды шешу стильдері, Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI), тұлғааралық қақтығыс, психометриялық қасиеттер, әдістемені бейімдеу, мәдени бейімделу.

Международные адаптации и психометрические характеристики методики CRSI Л.Курдека: теоретико-методологический обзор

[1]Ш.Жандәулеткызы, [1]А.М.Айтышева
[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева (Астана, Казахстан)

Аннотация. Данное исследование направлено на анализ теоретико-методологических основ методики Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI), а также на пилотную проверку психометрических характеристик ее русскоязычной версии на студенческой выборке. В работе рассматриваются классические и современные теоретические модели стилей разрешения конфликтов, а также представлен обзор международного опыта адаптации методики CRSI. Эмпирическое исследование проводилось в онлайн-формате с участием 25 студентов. В ходе исследования были рассчитаны показатели описательной статистики и коэффициенты внутренней согласованности (α Кронбаха) по

четырем шкалам методики. Полученные результаты показали удовлетворительный уровень надежности по большинству шкал, а также высокую внутреннюю согласованность шкалы «Позитивное решение проблемы». Выводы исследования подтверждают пригодность методики CRSI для оценки стратегий разрешения межличностных конфликтов в студенческой аудитории и обосновывают целесообразность ее дальнейшего применения на расширенной и репрезентативной выборке.
Ключевые слова: стили разрешения конфликтов, Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI), межличностный конфликт, психометрические характеристики, адаптация методики, культурная адаптация.

International Adaptations and Psychometric Properties of L. Kurdek's CRSI: A Theoretical and Methodological Review

[1]Sh.Zhandauletkyzy, [1]A.M.Aitysheva
[1]L.N.Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)

Abstract. This study aims to analyze the theoretical and methodological foundations of the Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI) and to conduct a pilot examination of the psychometric properties of its Russian-language version using a student sample. The study reviews classical and contemporary theoretical models of conflict resolution styles and provides an overview of international practices in the adaptation of the CRSI. The empirical study was conducted online and involved 25 students. Descriptive statistics and internal consistency coefficients (Cronbach's α) were calculated for the four scales of the instrument. The results demonstrated satisfactory levels of reliability for most scales, as well as high internal consistency for the Positive Problem Solving scale. The findings support the applicability of the CRSI for assessing interpersonal conflict resolution strategies among student populations and substantiate the feasibility of its further use with larger and more representative samples.
Keywords: conflict resolution styles, Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI), interpersonal conflict, psychometric properties, instrument adaptation, cross-cultural adaptation.

Кіріспе

Қақтығыстарды шешу стильдерін зерттеу тұлғааралық қатынастар психологиясының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі таңда конфликтологиялық зерттеулердің басым бөлігі орын алған қақтығысты басқарудың нақты модельдері мен оларды өлшейтін валидті психодиагностикалық құралдарды талдауға бағытталуда. Осындай құралдардың ішінде Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI) әдістемесі кең таралған, себебі ол жақын қарым-қатынастардағы, әсіресе романтикалық және отбасылық деңгейдегі конфликттерді шешу стратегияларын кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, CRSI әртүрлі мәдениеттерде қолданылғанымен, оның психометриялық көрсеткіштері мен факторлық құрылымы елдер арасында өзгеріп отырады. Бұл - мәдениетаралық контексттің қақтығысты қабылдау, эмоцияны білдіру және мінез-құлық стратегияларын көрсетуде ықпалы бар екенін білдіреді. Сондықтан CRSI әдісін түрлі тілдік және мәдени ортаға бейімдеу, оның сенімділігі мен валидтілігін қайта тексеру - өзекті ғылыми-әдіснамалық міндет.

Зерттеу өзектілігі. Қақтығыстарды шешу стильдерін зерттеу тұлғааралық қатынастар психологиясындағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады, себебі қақтығыстық мінез-құлықтың ерекшеліктері өзара әрекеттесу сапасымен және психологиялық әл-ауқатпен тікелей байланысты [Altalhi H.H., Alshammri S.N., 2018]. Осы мәселенің дамуы барысында қақтығыстық мінез-құлықтың классикалық модельдері [Thomas K.W., 1976; Rahim M.A., 1983], сондай-ақ эмоциялық-мінез-құлықтық динамикаға бағдарланған заманауи құралдар ұсынылды. Соның бірі – Л.Курдек әзірлеген Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI) әдістемесі [Kurdek L.A., 1994; 1998]. Қазіргі зерттеулер CRSI әдістемесінің психометриялық көрсеткіштері мен факторлық құрылымы мәдени және жас ерекшеліктеріне байланысты өзгеретінін көрсетеді, бұл оның халықаралық бейімделулері нәтижелерімен дәлелденеді [Bonache H. et al., 2016; Trifan T.A. et al., 2024; Ramírez A. et al., 2024].

Зерттеу мақсаты - Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI) моделін теориялық және әдіснамалық талдау, сондай-ақ студенттік үлгідегі әдістеменің орыс тіліндегі нұсқасының психометриялық сипаттамаларын эмпирикалық тексеру.

Қақтығыстардағы мінез-құлық стильдерінің классикалық теориялары. Қақтығыстық жағдайлардағы мінез-құлық тәсілдерін зерттеу ұзақ тарихқа ие және әлеуметтік және ұйымдастырушылық психологияның орталық бағыттарының бірі болып табылады. Алғашқы жұмыстар қақтығысты шешу барысында адамның мінез-құлық стратегиясын таңдауын өз мүдделеріне бағытталу мен өзге адамның мүдделерін ескеру арасындағы тепе-теңдікпен түсіндірген болатын. Осы дихотомиялар кейін қақтығыстағы әрекет стилін сипаттайтын классикалық модельдердің негізін қалады.

Ең танымал үлгілердің бірі - Томас пен Киллманның моделі (Thomas-Kilmann Conflict Mode Instrument, TKI), 1974 жылы ұсынылған. Авторлар кез келген қақтығыстық мінез-құлықты екі негізгі бағыт арқылы сипаттауға болатынын алға тартқан: қажырлылық (басымдылық) - өз мүдделерін қорғауға ұмтылу дәрежесі және ынтымақтастық - серіктестің мүдделерін ескеруге дайындық деңгейі арқылы қарастырылған. Бұл екі бағыттың қиылысуы бес негізгі стильді қалыптастырады:
1. Бәсекелестік - өз ұстанымдарын белсенді қорғау.
2. Ынтымақтастық - өзара тиімді шешім іздеу.
3. Компромисс - аралық нұсқаны табу.
4. Бас тарту немесе болдырмау - мәселені ашық талқылаудан жалтару.
5. Бейімделу - қарым-қатынасты сақтау мақсатында жол беру.

Бұл модель кейінгі типологиялардың негізін қалады, себебі ол қақтығыстың нәтижесін ғана емес, сондай-ақ тараптардың мінез-құлқындағы мотивациялық негіздерді де бағалауға мүмкіндік берді [Thomas K.W., 1976].

Кейінірек Рахим М. бұл идеяны ұйымдық қақтығыстар контексінде дамытып, Rahim Organizational Conflict Inventory-II (ROCI-II) құралын жасады. TKI моделінен айырмашылығы, Рахимнің әдістемесі кеңірек тұлғааралық және топішілік қақтығысты қамтиды және «позициялардың өзара тәуелділігі» ұғымын енгізеді [Rahim M.A., 1983]. Ол бес ұқсас стратегияны бөлген. Олар: ынтымақтасу, көну, басымдылық көрсету, жалтару, ымыраға келу бірақ, стильді таңдау қатысушылардың мәртебесіне, мәдени нормаларға және иерархиялық өзара әрекет түріне байланысты болатын. ROCI-II қазіргі күнге дейін ұйым ішіндегі қақтығыстарды, әсіресе көшбасшылық пен команда динамикасын зерттеуде кеңінен қолданылатын әдіс. Бұл модельдердің дамуы қақтығысты тек мүдделер қақтығысы ретінде қарастыру жеткіліксіз екенін көрсетті.

Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI) әдістемесінің теориялық негізі. Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI) әдістемесін Лоуренс Курдек [Kurdek L.A., 1994; 1998] серіктестік қатынастар динамикасы мен отбасылық бейімделу мәселелерін кеңінен зерттеуінің негізінде әзірлеген болатын. Алдыңғы әдістемелер көбіне ұйымдық және рөлдік қақтығыстарға бағытталған болса, CRSI тұлғааралық және эмоционалды қаныс, өзара әрекеттестікке және ең алдымен жұбайлар мен романтикалық серіктестер арасындағы қатынастарға бағытталған. Л.Курдек конфликтті шешу тәсілдері - қатынастардың тұрақтылығы мен қанағаттанушылығының негізгі көрсеткіші деген ұстанымна сүйенген. Оның пікірінше, серіктестердің қақтығыс жағдайларындағы мінез-құлқы жеке тұлғалық ерекшеліктерді, эмоционалдық жетілу деңгейін және өзара эмпатияны бейнелейді. Ол балалармен және онсыз гетеросексуалды және гомосексуалды жұптардың өзара әрекеттестігін зерттей отырып, отбасы түріне тәуелсіз, бірақ серіктестік қарым-қатынастың эмоционалдық динамикасына сезімтал әмбебап модельді ұсынды. Факторлық талдау негізінде Л.Курдек қақтығысты шешудің төрт негізгі стилін анықтады. Олар күнделікті келіспеушілік жағдайларында байқалады.

1. Positive Problem Solving (мәселені позитивті шешу) - рационалды талқылау, өзара ымыра

іздеу, бірлескен шешім қабылдау, белсенді тыңдау. Бұл стиль екі тараптың да қажеттіліктерін қанағаттандыруға және қарым-қатынасты сақтауға бағытталған кооперативті және конструктивті өзара әрекетті білдіреді.

2. Conflict Engagement (қақтығысқа тартылу) - жоғары эмоциялылық, дауласу, сын айту, агрессивті реакциялар. Бұл стиль өзін-өзі реттеу деңгейі төмен, бірақ қақтығысқа қатысу деңгейі жоғары мінез-құлықты көрсетеді, нәтижесінде шиеленіс жиі күшейеді.

3. Withdrawal (шегіну) - қақтығыстан кету, үнсіздік сақтау, мәселені талқылаудан қашу. Бұл стиль пассивті алшақтауды сипаттайды және көбіне сенімнің төмендеуіне және жасырын наразылықтың жиналуына әкеледі.

4. Compliance (бейімделу) - келісім беру, икемділік, үйлесімділікті сақтау үшін өз қажеттіліктерінен бас тарту. Бұл стратегия кейде қарым-қатынасты уақытша тұрақтандырғанымен, жеке қанағаттанудың төмендеуіне және жасырын фрустрацияның пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Л.Курдек бұл стильдердің ешқайсысы өздігінен «жақсы» немесе «жаман» емес екенін атап өткен – олардың тиімділігі жағдай контекстіне, қатынас құрылымына және жеке тұлғалық ерекшеліктерге байланысты. Кейінгі зерттеулер көрсеткендей, кейбір стильдердің үйлесімі эмоционалды жеңілдеу мен рационалды реттеудің оңтайлы тепе-теңдігін қамтамасыз ете алады деп атап өтілген. Онымен қоса зерттеулер көрсеткендей бұл стильдердің тек жұбайлық қатынастарға ғана емес, сонымен қатар басқа да жақын тұлғааралық қатынастарға тән негізгі мінез-құлық тенденцияларын бейнелейтінін көрсетті. Осылайша, CRSI моделі классикалық парадигманы кеңейтіп, оған эмоциялық реттеу мен өзара әрекет динамикасын енгізеді [Kurdek L.A., 1998; Fincham F.D. et al., 2007].

Тұлғааралық қақтығыстардың қазіргі заманғы модельдері. Соңғы жылдар ішінде зерттеулер қақтығысқа қатысты ертеректегі стратегиялық «стильдер» тұжырымдамасынан процессуалды-эмоциялық және контекстуалдық тұрғыдан қарауға ауысуда. Мұндай өзгеріс конфликтті динамикалық, жағдайға тәуелді құбылыс ретінде көбірек қарастыруға байланысты, ол эмоцияларды реттеу, эмпатия және мінез-құлықтың икемділігін көрсететін сипаттарға тәуелді [Trifan T.A. et al., 2024; Altalhi H.H., Alshammri S.N., 2018].

Жасөспірімдер мен жастардан алынған көрсеткіштер ересектерге қарағанда стратегиялардың құрылымында айырмашылықтар көрсетеді: жасөспірімдерде конструктивті стратегиялар, мысалы позитивті мәселені шешу, өз алдына жеке фактор ретінде бөлінбеуі немесе бейімделу құрамдас бөліктерімен бірге көрінуі мүмкін. Бұл коммуникация дағдылары мен эмоцияларды реттеу қабілетінің даму ерекшеліктерімен байланысты [Bonache H. et al., 2016; Fortin A. et al., 2020; Dost-Gözkan A. et al., 2019]. Испания, Түркия және Канададағы эмпирикалық мәліметтер факторлық құрылымның нұсқалылығын көрсетеді және жас топтарында әдістің сәйкестігін бөлек тексерудің қажеттілігін дәлелдейді.

CRSI бастапқыда жұбайлық жұптар негізінде жасалғанына қарамастан [Kurdek L.A., 1994; 1998], кейінгі зерттеулер бұл өлшемді достық және романтикалық қатынастарға да қолдануға болатындығын айқындады [Altalhi H.H., Alshammri S.N., 2018; van Doorn M. et al., 2011]. Дегенмен шкаланы басқа контекстке ауыстыру барысында сақ болу қажет: бірдей пункттер әр контексте әрқалай түсіндірілуі мүмкін - мысалы, жасөспірім достар арасындағы «Шегіну» жеке шекараларды сақтау тәсілі ретінде қарастырылса, некедегі шегіну қақтығысты болдырмаудың көрсеткіші болуы мүмкін.

Соңғы жылдардағы EFA, CFA талдаулары [Fortin A. et al., 2020; Costa A. B. et al., 2023; Ramírez A. et al., 2024] CRSI құрылымының өзгергіштігін көрсетті. Классикалық төрт факторлы модельге қоса үш немесе бес факторлы өзге нұсқалар да анықталды. Кейбір бейімдеулерде қосымша фактор - мысалы, компромисс немесе ынтымақтасу стратегиялары пайда болады. Сондықтан құрылымды көпсатылы тексеру және өлшемдік талдау жүргізу қажет.

CRSI сауалнамасын әртүрлі елдерде бейімдеу. Соңғы екі онжылдықта Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI) әдістемесі Еуропадан бастап Азия мен Латын Америкасына дейінгі көптеген мәдени контексттерде бейімделген болтын. Бұл зерттеулер тұлғааралық қақтығыстарды шешу стратегияларының мәдени шарттылығын түсінуге және құралдың факторлық құрылымын нақтылауға көп үлес қосты.

Алғашқы бейімдеулердің бірі романтикалық қатынастағы жасөспірімдерге арналған испандық нұсқа болды [Bonache H. et al., 2016]. Зерттеушілер сауалнаманы аударып, кері аударма жүргізді, растаушы факторлық талдау (CFA) жасап, бастапқы төрт факторлы құрылымның ішінара сақталғанын анықтады. Алайда позитивті мәселені шешу және бейімделу стратегияларына қатысты кейбір тармақтар өзара байланыс көрсеткендіктен, шамалы түзетулер енгізілді. Авторлар CRSI құрылымының жас жұптардағы агрессия мен қақтығыстар қаупін болжаудағы тиімділігін дәлелдеді.

Франко-канадалық нұсқада [Fortin A. et al., 2020] сауалнама Квебек жасөспірімдеріне бейімделіп, тілдік және мәдени ерекшеліктер ескерілді. Зерттеушілер CRSI-ді екі ірі өлшем арқылы қарастыруды ұсынды - конструктивті және деструктивті стратегиялар, бұл тәсіл қақтығысқа тартылу пен шегіну шкалаларын бір факторға біріктіруге мүмкіндік берді. Мұндай қайта құрылымдау ішкі үйлесімділікті арттырғанымен, Л.Курдектің бастапқы моделінен белгілі бір өзгеріс ауытқуды көрсетті [Kurdek L.A., 1994].

Түркиялық зерттеулерде [Dost-Gözkan A. et al., 2019] әдістеме 11-19 жас аралығындағы жасөспірімдерге қолданылды. Нәтижелер сенімділік пен жарамдылықтың қанағаттанарлық деңгейін көрсетті, бірақ мәдени айырмашылықтар байқалды: шегіну және бейімделу шкалалары жиі өзара корреляция көрсетті. Бұл құбылыс түрік қоғамындағы отбасылық қатынастардың ерекшеліктерін, яғни қақтығыстан қашудың құрмет пен үйлесімділікті сақтау тәсілі ретінде қабылдануын бейнелейді деп түсіндірілді.

Сондай-ақ, CRSI-дің модификацияланған нұсқаларын романтикалық немесе достық қатынастардағы студенттік таңдамада қолданды. Нәтижелер бастапқы төрт факторлы модельге сәйкес келді. Бұл зерттеулер эмоциялық-мінез-құлықтық қақтығысты шешу механизмдері тұлғааралық өзара әрекеттесудің әмбебап құрамдас бөлігі екенін көрсетті [Cramer D., 2002; Fincham F.D. et al., 2007].

Бразилияда [Costa A.B. et al., 2023] CRSI португал тіліндегі жастар арасында кең ауқымда бейімделді. Процедура стандартты кезеңдерді қамтыды: тура және кері аударма, сараптамалық бағалау, пилоттық сынақ және факторлық талдау жасалды. Нәтижелер шкалалардың жоғары ішкі үйлесімділігін ($\alpha > 0,70$) және мазмұндық пен критерийлік жарамдылығын растады. Дегенмен, кейбір тұжырымдарды семантикалық түзету қажет болды - әсіресе эмоциялық өзін-өзі бақылау және келіспеушілікті білдірумен байланысты тармақтарда.

Эквадорда [Ramírez A. et al., 2024] зерттеу университет студенттері арасында ($N = 700$) жүргізілді. Испан тілді контексте алғаш рет CRSI-дің бес факторлы құрылымы анықталды, оған қосымша компромисстік мінез-құлық факторы енгізілді. Зерттеу әдістемелік тұрғыдан жоғары деңгейде ұйымдастырылып, авторлар растаушы факторлық талдау (CFA), критерийлік жарамдылық және субшкала сенімділігін ($\alpha > 0,70$) бағалады.

Қытайлық зерттеулер CRSI-дің мәдени интерпретациясын кеңейтті. Отбасылық және жасөспірімдік қақтығыстарға бағытталған жұмыстарда бейімделу мен шегіну ұғымдарының Батыс модельдеріне қарағанда өзгеше түсіндірілетіні анықталды. Мысалы, шегіну стратегиясы Конфуций дәстүріндегі «бет-бейнені сақтау» құндылығына сай, құрмет пен сыйластықтың көрінісі ретінде қабылдануы мүмкін.

Шығыс Еуропа мен Румынияда [Trifan T.A. et al., 2024] CRSI құрылымының қатынас түріне байланысты өзгеретіні көрсетілді. Авторлар әдістемені тек жұбайлық емес, сонымен қатар достық және отбасылық қатынастарды зерттеу үшін де қолдануға болатынын ұсынған

болатын. Растаушы факторлық талдау топтар арасындағы айырмашылықтарды айқындап, өлшеу тұрақтылығын тексерудің қажеттілігін көрсетті. Ұқсас үрдістер Еуропадағы [van Doorn M. et al., 2011] зерттеулерде де байқалды, онда CRSI достық және жасөспірімдік өзара әрекеттесулердегі қақтығыс үлгілерін талдауда қолданылды. Бұл нәтижелер тағыда Л.Курдектің стильдері тек неке қатынастарына ғана емес, тұлғааралық байланыстардың кең ауқымына (достық, оқу, кәсіби) қолданылатынын дәлелдейді.

Қазақстандық психологиялық зерттеулерде копинг пен қақтығыстық жағдайларындағы мінез-құлық стратегияларын зерттеуге, сондай-ақ психодиагностикалық құралдарды мәдени-тілдік ортаға бейімдеуге қызығушылық артып келеді. Атап айтқанда, қазақстандық қазақ тілді іріктемеде Brief COPE сауалнамасын мәдени-лингвистикалық бейімдеу барысында оның факторлық құрылымы эмпирикалық тұрғыдан тексеріліп, жеті факторлы модель анықталған және ішкі келісімділік көрсеткіштері α = 0,611-0,809 аралығында болған [Zhengiskykzy A. et al., 2026]. Студенттер арасында жүргізілген зерттеулер копинг стратегияларының стресс жағдайларына реакциямен және күйзеліске төзімділік деңгейімен байланысты екенін көрсетіп, мәселені шешу, әлеуметтік қолдауды іздеу және болдырмау сияқты мінез-құлық бағыттарын ажыратуға мүмкіндік береді [Кульшарипова З.К. және т.б., 2023]. Сонымен қатар, жасөспірімдер арасындағы конфликттік мінез-құлықты зерттеу әлеуметтік-психологиялық араласудың қақтығыстық жағдайларындағы тиімді мінез-құлықты және бейбіт стратегияларды, соның ішінде компромисс пен ынтымақтастықты таңдауды күшейте алатынын көрсетеді [Адильжанова К. және т.б., 2025]. Осы зерттеулер қазақстандық контексте копинг пен қақтығыстық мінез-құлық стратегияларын эмпирикалық зерделеудің өзектілігін көрсетіп, психодиагностикалық әдістемелердің мәдени ерекшеліктерге сәйкестігін бағалаудың маңыздылығын негіздейді.

Осылайша, CRSI әдістемесінің халықаралық бейімдеу тәжірибесі икемді, бірақ мәдени және жас ерекшеліктеріне мән берерлік құрал екенін дәлелдейді. Барлық заманауи бейімдеулерде (2010-2024 жж.) ішкі келісімділік көрсеткіштері α = 0.70-0.88 аралығында, ал құрылымдық валидтілік EFA, CFA факторлық талдауы арқылы расталғанын көруге болады. Әртүрлі елдерде факторлық құрылымның ішінара айырмашылықтары байқалады, бұл жергілікті бейімдеу маңыздылығын айғақтайды.

CRSI бейімдеулеріндегі қарама-қайшылықтар. Қазіргі психометриялық стандарттар топтар арасындағы (тілдік, жыныстық, жас ерекшелігі бойынша) салыстыру кезінде тұрақтылықты тексеруді талап етеді [Trifan T.A. et al., 2024]. Көптеген бейімдеу зерттеулері EFA, CFA және α коэффициентімен шектеліп, тұрақтылықты тексермеген. Бұл мәдениеттер арасындағы нәтижелерді салыстыруды қиындатады және алынған қорытындылардың сенімділігін төмендетуі мүмкін.

Жас топтарының айырмашылығы және нәтижелердің шектеулі жалпылануы орын алды. Көптеген бейімдеулер тек жасөспірімдерге немесе студенттерге бағытталған, сондықтан әртүрлі жастағы топтарды қамтитын зерттеулер аз. Бұл жас ерекшеліктері мен даму сатыларын ескеріп салыстыруға мүмкіндік бермейді [Bonache H. et al., 2016].

Бейімдеу әдістемесінің бірізді болмауын көре аламыз. Кейбір зерттеулерде бейімдеу процесі толық сипатталмайды. Мысалы: когнитивтік сұхбаттар, сарапшылар тобының құрамы немесе аудармашыларды таңдау критерийлері көрсетілмейді. Мұндай толық емес сипаттама зерттеудің қайталануын және нәтижелердің сенімділігін төмендетеді [Costa L.B.D.S. et al., 2023].

Нормативтік көрсеткіштердің жетіспеушілігі болуы мүмкін [Ramírez A. et al., 2024]. Көптеген бейімдеулерде жергілікті нормалар (перцентильдер, Т-шкалалар) ұсынылмайды, бұл әдістеменің практикалық қолданылуын қиындатады.

Қорытындылай келе, жүргізілген теориялық-әдіснамалық шолу CRSI жақын қарым-қатынастардағы қақтығыстарды шешу стильдерін бағалаудың зерттелген және кеңінен

қолданылатын құралдарының бірі екенін көрсетеді. Әдістеменің халықаралық бейімделуі жоғары сенімділік пен жарамдылықты көрсетеді, сонымен қатар шкала құрылымы мен мінез-құлық үлгілеріндегі мәдени анықталған айырмашылықтарды анықтайды, бұл құралды әр түрлі елдерде қолданған кезде контекстік талдау қажеттілігін көрсетеді. Шолу нәтижелері CRSI-ді студенттік үлгідегі жұмыстың зерттеу бөлігінде қолданудың сенімді теориялық негізін құрайды. Әрі қарай зерттеу жастар арасындағы қақтығыстарды шешу стильдерінің көріну ерекшеліктерін нақтылауға, сондай-ақ жанжалды жағдайларда мінез-құлықтың белгілі бір стратегияларын таңдауға әсер ететін факторларды түсінуді кеңейтуге мүмкіндік береді.

Әдістер

Зерттеу үшін Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI) әдістемесінің орыс тілді адаптациясы қолданылды. Әдістеме О.А.Сычев пен И.В.Аношкин тарапынан 2024 жылы жақын қатынастардағы қақтығыс жағдайларында мінез-құлық стильдері мен олардың тиімділігін зерттеуге арналған кешенді құрал әзірлеу аясында ұсынылды [Сычев О.А., Аношкин И.В., 2024]. Авторлар толық мәдени-тілдік бейімдеу циклін жүзеге асырды: CRSI-дің түпнұсқасын аудару, тұжырымдардың семантикасын сараптамалық бағалау, олардың ресейлік мәдени контекстке сәйкестігін тексеру және ересек респонденттерден алынған деректер негізінде психометриялық талдау жүргізілді.

Бейімдеу Л.Курдек ұсынған 16 тармақтан тұратын модельге сүйенеді, жауаптар Лайкерт шкаласы арқылы таңдалады (1-5 аралығы), ол төрт негізгі стратегияны қамтиды:
1. Мәселені позитивті шешу - конструктивті талқылау, ынтымақтастыққа бағдарлану және бірлескен шешім іздеу.
2. Қақтығысқа тартылу - айқын эмоциялық реактивтілік, сын айту, шиеленісті күшейту.
3. Шегіну - дистанция жасау, үнсіз қалу, мәселені талқылаудан бас тарту.
4. Бейімделу - өз мүдделерін қорғаудан бас тартып, жиі жол беру, келісу.


Авторлар әдістеменің психометриялық сипаттамаларын бағалап, оның жоғары сенімділік көрсеткіштерін анықтады: барлық қосымша шкалалардың ішкі үйлесімділік коэффициенттері (α және ω) қабылданған нормаларға сәйкес болды және, жалпы 0.70-тен жоғары нәтижелер көрсетті. Құрылымдық моделдеу негізіндегі конфирматорлық факторлық талдау әдістеменің бастапқы Курдек моделіне жақын төрт факторлы құрылымын сақтайтынын растады. Сонымен қатар, әдістеменің мазмұндық және критерийлік валидтілігі дәлелденді. Бұл нәтижелер халықаралық зерттеулермен сәйкестенеді және CRSI әдістемесінің стресс жағдайларындағы тұлғааралық мінез-құлықты бағалау құралы ретінде теориялық негізділігін растайды. Авторлар сондай-ақ CRSI-дің орыс тілді адаптациясы тек ерлі-зайыптылар немесе романтикалық қатынастарды зерттеуде ғана емес, тұлғааралық қарым-қатынастың кең ауқымында да қолдануға болатындығын атап өтеді. Бұл оны қазіргі әлеуметтік-психологиялық зерттеулерде, өзекті құрал етеді.

Зерттеу пилоттық түрде Google Forms платформасы арқылы онлайн форматта жүргізілді, бұл респонденттердің сауалнамаға қолжетімділігін барынша ыңғайлы етті. Қатысушыларға демографиялық бөлімнен және CRSI әдістемесінің орыс тіліндегі нұсқасынан тұратын формаға сілтеме ұсынылды.

Сауалнаманы бастамас бұрын респонденттерге зерттеудің мақсаты, қолданылған әдістеменің құрылымы және қатысу шарттары қысқаша түсіндірілді. Қатысудың толықтай ерікті екені, ал барлық берілген мәліметтердің қатаң анонимді түрде сақталатыны және тек ғылыми-зерттеу мақсатында пайдаланылатыны ерекше көрсетілді. Жиналған жауаптарда жеке тұлғаны анықтауға мүмкіндік беретін деректер болмағандықтан, бұл әлеуметтік тұрғыда қалаулы жауаптардың ықпалын азайтып, алынған мәліметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Нәтижелер Jamovi бағдарламасы арқылы өңделді.

Зерттеуге студенттік жастағы жастар тобын көрсететін 25 адам қатысты. Респонденттердің

көпшілігі – 60% (15 адам) 20-21 жас аралығындағы топқа жатты. Сәл аз бөлігін 22-23 жастағы қатысушылар құрады - 24% (6 адам), ал ең кіші жас санаты 18-19 жас - 16% (4 адам) үлесімен ұсынылған (1-сурет).



1-сурет. Респонденттердің жас ерекшеліктері

Жыныстық бөліну жеткілікті түрде теңгерімді болды: зерттеуге 13 әйел (52%) және 12 ер (48%) қатысты, бұл таңдаманың гендерлік өкілдігін қамтамасыз етеді және деректерді талдау кезінде жүйелі қателік тәуекелін азайтады.

Қатысушылардың - 64% (16 адам) студенттер болды. Тағы 24% (6 адам) оқу мен жұмысты үйлестірген, бұл қазіргі студенттік өмірдің шынайылығын көрсетеді. Қалған 12% (3 адам) негізінен еңбек қызметімен айналысқан және зерттеу кезінде оқу орнында оқымаған қатысушыларды қамтыды.

Егер курстар бойынша бөлінуді қарастыратын болсақ, ең көп топ 4 курс студенттері болды – 56% (14 адам). Аз үлесті 3 курс - 8% (2 адам), 2 курс - 8% (2 адам) және 1 курс - 4% (1 адам) білім алушылары құрады. Сонымен қатар, таңдамада 5 курс студенттері - 12% (3 адам), сондай-ақ студент болмаған 3 қатысушы (12%) болды.

Нәтижелер

Зерттеуге барлығы 25 респондент қатысты, барлық шкалалар бойынша деректер толық жиналып, жетіспейтін мәндер анықталмады. CRSI сауалнамасының төрт шкаласы бойынша сипаттамалық статистика есептелді: конфликтке (қақтығысқа) тартылу, шегіну, бейімделу және мәселені позитивті шешу (1-кесте).

1-кесте

CRSI сауалнамасының шкалалары бойынша сипаттамалық статистика


Шкала	M	SD	Me	Min	Max	As	Ex	W	p
Конфликтке (қақтығысқа) тартылу	11,1	3,80	11	4	20	0,49	-0,965	0,965	0,532
Шегіну	11,8	3,83	12	6	20	0,58	0,280	0,927	0,075
Бейімделу	11,0	3,44	11	5	20	0,57	0,900	0,963	0,467
Мәселені позитивті шешу	15,6	3,40	16	9	20	-0,25	-1,000	0,923	0,059

Ескерту: M - орташа мән; SD - стандартты ауытқу; Me - медиана; Min - минималды мән; Max - максималды мән; As - асимметрия; Ex - эксцесс; W – Шапиро-Уилк критерийі; p - мәнділік деңгейі.

1-кестеде көрсетілгендей, конфликтке (қақтығысқа) тартылу шкаласы бойынша орташа мән

M = 11,1 (SD = 3,80) болды. Медиана көрсеткіші 11, ең төменгі мән 4, ең жоғары мән 20 баллды құрады. Асимметрияның оң мәні (As = 0,49) деректердің оң жаққа сәл ығысқанын көрсетеді (таралу тығыздығы - 1), алайда Шапиро-Уилк критерийі бойынша бөлініс қалыпты көрсеткіштен айтарлықтай ауытқымайды (W = 0,965; p = 0,532). Кронбах α коэффициенті α = 0,616 болды. Бұл көрсеткіш ішкі үйлесімділіктің шартты түрде қанағаттанарлық деңгейін білдіреді және пилоттық зерттеулер үшін рұқсат етілетін көрсеткіш. Шкаланың стандартты ауытқуы SD = 0,835 құрады, бұл респонденттердің жауаптарында белгілі бір вариативтіліктің бар екенін көрсетеді (2-сурет).


Шегіну шкаласы бойынша орташа көрсеткіш M = 11,8 (SD = 3,83), медиана 12 болды. Баллдар диапазоны 6-20 аралығында өзгерді (1-кесте). Асимметрия (As = 0,58) мен эксцесс (Ex = 0,28) мәндері таралудың салыстырмалы түрде симметриялы екенін көрсетеді. Қалыпты көрсеткішті тексеру нәтижелері бұл шкалада таралу шартты түрде нормаға сай екенін көрсетті (W = 0,927; p = 0,075). Ішкі үйлесімділік көрсеткіші α = 0,719 деңгейінде болды. Бұл мән қабылданатын сенімділік деңгейіне сәйкес келеді және шкала пункттерінің біртұтас конструктіні өлшейтінін дәлелдейді. Стандартты ауытқу SD = 0,855, бұл шкала бойынша жауаптардың біркелкі емес екенін, алайда өлшеу тұрақтылығы сақталғанын көрсетеді (2-сурет).



2-сурет. Конфликтке (қақтығысқа) тартылу және шегіну шкалалар бойынша таралу тығыздығы

Бейімделу (мойынсыну) шкаласы бойынша орташа мән M = 11,0 (SD = 3,44) болды, медиана 11, минималды мән 5, максималды мән 20. Асимметрия (As = 0,57) оң бағытта, эксцесс (Ex = 0,90) таралудың сәл «үшкірлеу» екенін көрсетеді (1-кесте). Дегенмен, Шапиро-Уилк критерийі бұл шкала бойынша да қалыпты көрсеткіш сақталғанын көрсетті (W = 0,963; p = 0,467). Кронбах α коэффициенті α = 0,636 болды. Бұл көрсеткіш пилотаждық зерттеу шеңберінде қабылдауға болатын деңгейде, алайда болашақта шкала пункттерін нақтылау немесе формулировкаларды қайта қарау қажеттігін көрсетуі мүмкін. Стандартты ауытқу SD = 0,810 құрады (3-сурет).

Ең жоғары орташа көрсеткіш Мәселені позитивті (конструктивті) шешу шкаласында байқалды - M = 15,6 (SD = 3,40). Медиана 16, баллдар диапазоны 9-20 аралығында болды (2-кесте). Теріс асимметрия (As = -0,25) бұл стратегияның респонденттер арасында жиірек қолданылатынын көрсетеді. Эксцесс мәнінің төмен болуы (Ex = -1,00) таралудың біршама жазық екенін білдіреді. Қалыпты көрсеткішті тексеру нәтижелері шекаралық мәндерге жақын болғанымен, статистикалық тұрғыдан мәнді ауытқу анықталған жоқ (W = 0,923; p = 0,059). Онымен қоса, ең жоғары сенімділік көрсеткішін көрсетті - α = 0,787, бұл жақсы ішкі үйлесімділікке сәйкес келеді. Бұл шкала пункттері арасында жоғары деңгейдегі өзара байланыс бар екенін және конструкцияның тұрақты өлшенетінін білдіреді. Стандартты ауытқу SD = 0,839 (3-сурет).



3-сурет. Бейімделу және мәселені позитивті шешу шкалалар бойынша таралу тығыздығы

Жалпы алғанда, барлық төрт шкала бойынша алынған көрсеткіштер пилотаждық зерттеу үшін қабылданатын сипаттамалық қасиеттерді көрсетеді және деректердің таралуы параметрлік талдау жүргізуге негіз бола алады.

2-кесте

CRSI шкалаларының ішкі үйлесімділік көрсеткіштері

CRSI шкаласы	Кронбах α коэффициенті
Конфликтке (қақтығысқа) тартылу	0,616
Шегіну	0,719
Бейімделу	0,636
Мәселені позитивті шешу	0,787

CRSI сауалнамасының барлық шкалалары бойынша ішкі үйлесімділіктің қанағаттанарлық деңгейін көре аламыз (2-кесте). Төменірек α мәндері пилотаждық зерттеудің шағын таңдамасымен (N = 25) және мәдени-контекстуалдық ерекшеліктермен байланысты болуы мүмкін. Бұл нәтижелер алдағы кеңейтілген таңдамада сенімділікті қайта тексерудің өзектілігін негіздейді.

Пікір алмасу

Осы зерттеудің нәтижелері Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI) әдісінің зерттелген іріктемеде жалпы алғанда қанағаттанарлық психометриялық көрсеткіштерге ие екенін көрсетті. Барлық төрт шкала бойынша алынған ішкі сәйкестік коэффициенттері қабылданған шектерге сәйкес келеді, бұл әдістеменің ішкі құрылымының тұрақтылығын және өлшеу сенімділігін дәлелдейді. Бұл нәтижелер CRSI әдісінің бастапқы нұсқасы мен оның әртүрлі мәдени және жас ерекшеліктеріне бейімделген нұсқалары бойынша алынған деректермен сәйкес келеді [Kurdek L.A., 1994; Rahim M.A., 1983; Trifan T.A. et al., 2024].

Алынған нәтижелер халықаралық зерттеулермен салыстырғанда ұқсас тенденцияларды көрсетеді. Мысалы, CRSI әдісінің француз-канадалық, түрік, бразилиялық және испан тілді нұсқаларында да шкалалардың сенімділігі мен құрылымдық валидтілігі қанағаттанарлық деңгейде екені анықталған [Fortin A. et al., 2020; Dost-Gözkan A. et al., 2019; Costa A.B. et al., 2023; Ramírez A. et al., 2024]. Бұл CRSI әдісінің әртүрлі мәдени ортада қолдануға бейімді құрал екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, алынған нәтижелер CRSI әдісін жасөспірімдер мен жас ересектер арасындағы тұлғааралық қатынастарды, романтикалық және отбасылық қақтығыстарды зерттеуде қолданудың перспективалы екенін көрсетеді [van Doorn M. et al., 2011; Bonache H. et al., 2016]. Дегенмен, әдістеменің мәдени бейімделу деңгейін тереңірек бағалау үшін кеңейтілген және әртараптандырылған іріктемелерде қосымша зерттеулер жүргізу қажет.

Зерттеудің шектеулері бар, зерттеуге қатысқан респонденттердің саны салыстырмалы түрде аз болды, бұл нәтижелерді кең популяцияға жалпылау мүмкіндігін шектейді. Болашақ зерттеулерде іріктеме көлемін ұлғайту ұсынылады. Сонымен қатар, зерттеу көлденең сипатта жүргізілді, сондықтан қақтығысты шешу стильдерінің уақыт бойынша өзгеру динамикасын анықтауға мүмкіндік бермейді. Лонгитюдтік зерттеулер CRSI көрсеткіштерінің тұрақтылығын және даму ерекшеліктерін тереңірек талдауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, бұл зерттеу CRSI әдісінің қолданбалы әлеуетін және оның психологиялық зерттеулердегі маңыздылығын көрсетеді. Алынған нәтижелер конфликтология, отбасылық психология және даму психологиясы салаларындағы болашақ эмпирикалық жұмыстар үшін теориялық және әдіснамалық негіз бола алады.

Қорытынды

Осы жұмыста қақтығыстарды шешу стильдерін өлшеуге арналған Conflict Resolution Styles Inventory (CRSI) әдістемесіне арналған қазіргі ғылыми әдебиеттерге теориялық-әдістемелік шолу жүргізілді. Шолу барысында қақтығысты шешу мінез-құлықтарын зерттеудің негізгі теориялық модельдері, CRSI сауалнамасының тұжырымдамалық негіздері, сондай-ақ оның әртүрлі елдердегі бейімделу тәжірибелері мен психометриялық сипаттамалары қарастырылды. Әдеби деректер CRSI-дің тұлғааралық қақтығыстарды бағалауда кең қолданылатын, теориялық тұрғыда негізделген құрал екенін көрсетеді.

Эмпирикалық бөлімде CRSI сауалнамасының орыс тіліндегі нұсқасы [Сычев О.А., Аношкин И.В., 2024] студенттік таңдамада жүргізілді. Нәтижелерге сәйкес «Позитивті мәселені шешу» шкаласының сенімділік деңгейі жоғары болып, әдістеменің конструктивті қақтығысты шешу стратегияларын өлшеудегі әлеуетін айқындады. Бұл деректер CRSI сауалнамасының студенттік аудиторияда қолдануға жарамды екенін растайды. Зерттеудің негізгі үлесі CRSI әдістемесінің психометриялық сипаттамаларын отандық студенттік таңдамада пилотаждық деңгейде тексеру болып табылады.

Алдағы зерттеулерде таңдама көлемін кеңейту, әртүрлі жас және әлеуметтік топтарды қамту, сондай-ақ құрылымдық валидтілікті факторлық талдау арқылы тексеру мүмкіндіктері бағыт ретінде қарастырылады. Сонымен қатар CRSI көрсеткіштерінің тұлғалық ерекшеліктермен, эмоционалдық интеллектпен және қарым-қатынастарға қанағаттанушылықпен өзара байланысын зерттеу әдістеменің қолданбалы мүмкіндіктерін кеңейтуге жол береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Altalhi H.H., Alshammri S.N. (2018) Cooperation in Negotiation Is the Way to Creativity: A Case from the Royal Commission Yanbu Colleges and Institutes. *Journal of Human Resource and Sustainability Studies*, 6, 149-156. DOI: https://doi.org/10.4236/jhrss.2018.61033 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.scirp.org/journal/paperinformation?paperid=83410 (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Thomas K.W. (1976) Conflict and conflict management. In: Dunnette, M. (ed.) *Handbook of industrial and organizational psychology*. Chicago: Rand McNally, 889-935 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=2241171 (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Kurdek L.A. (1994) Conflict Resolution Styles in Gay, Lesbian. Heterosexual Nonparent, and Heterosexual Parent Couples. *Journal of Marriage and Family*, 56(3), 705-722. DOI: https://doi.org/10.2307/352880 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.jstor.org/stable/352880 (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Kurdek L.A. (1998) Relationship Outcomes and Their Predictors: Longitudinal Evidence from Heterosexual Married, Gay Cohabiting, and Lesbian Cohabiting Couples. *Journal of Marriage and Family*, 60(3), 553-568. DOI: https://doi.org/10.2307/353528 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.jstor.org/stable/353528 (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Bonache H., Ramírez-Santana G., Gonzalez-Mendez R. (2016) Conflict resolution styles and teen

dating violence. *International journal of clinical and health psychology*, *16*(3), 276-286. DOI: https://doi.org/10.1016/j.ijchp.2016.03.003 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1697260016300242?via%3Dihub (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Trifan T.A., Meeus W., Branje S. (2024) The dimensionality of the Conflict Resolution Styles Inventory across age and relationships. *Frontiers in Psychology*, 15, 14322. DOI: https://doi.org/10.3389/fpsyg.2024.14322 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.frontiersin.org/journals/psychology/articles/10.3389/fpsyg.2024.1233279/full (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Ramírez A., Medina-Maldonado V., Burgos-Benavides L., Alfaro-Urquiola A.L., Sinchi H., Herrero Díez, J., Rodríguez-Díaz, F.J. (2024) Validation of the Psychometric Properties of the Conflict Resolution Styles Inventory in the University Population. *Social Sciences*, *13*(11), 615. DOI: https://doi.org/10.3390/socsci13110615 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.mdpi.com/2076-0760/13/11/615 (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Rahim M.A. (1983) A measure of styles of handling interpersonal conflict. *Academy of Management Journal*, 26(2), 368-376. DOI: https://doi.org/10.5465/255985 [Электрондық ресурс]: URL: https://psycnet.apa.org/record/1983-27060-001 (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Fincham F.D., Beach S.R.H., Davila J. (2007) Longitudinal relations between forgiveness and conflict resolution in marriage. *Journal of Family Psychology, 21*(3), 542-545. DOI: https://doi.org/10.1037/0893-3200.21.3.542 [Электрондық ресурс]: URL: https://psycnet.apa.org/record/2007-12912-024 (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Fortin A., Parent S., Pagani L. (2020) Adaptation and validation of the Conflict Resolution Styles Inventory for French-Canadian adolescents. *Canadian Journal of Behavioural Science*, 52(2), 115-126 [Электрондық ресурс]: URL: https://static1.squarespace.com/static/629ead1ce5a7ea59a85d798d/t/645d134b9585df4cf827b2be/1683821387655/Fortin%2Bet%2Bal.%2C%2B2020%2B-%2BValidation%2Bof%2Bthe%2BFrenchCanadian%2BAdaptation%2Bof%2Bthe%2BConflict%2BResolution%2BStyles%2BInventory%2Bfor%2BAdolescents%2Bin%2BDating%2BRelationships.pdf (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Dost-Gözkan A. (2019) Adolescents' Conflict Resolution with Their Parents and Best Friends: Links to Life Satisfaction. *J Child Fam Stud* 28, 2854-2866. DOI: https://doi.org/10.1007/s10826-019-01465-x [Электрондық ресурс]: URL: https://link.springer.com/article/10.1007/s10826-019-01465-x (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

van Doorn M.D., Branje S.J.T., Meeus W.H.J. (2011) Developmental Changes in Conflict Resolution Styles in Parent-Adolescent Relationships: A Four-Wave Longitudinal Study. *J Youth Adolescence* 40, 97-107. DOI: https://doi.org/10.1007/s10964-010-9516-7 [Электрондық ресурс]: URL: https://link.springer.com/article/10.1007/s10964-010-9516-7 (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Costa L.B.D.S., Camino C.P.D.S., Pereira C.R., Nascimento A.M.D., Assis N.L.P.D. (2023) Escala de estratégias de resolução de conflitos familiares: adaptação e evidências psicométricas. *Psico-USF*, *28*(4), 669-683. DOI: https://doi.org/10.1590/141382712023280402 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.scielo.br/j/pusf/a/8ntmRzDpRQ3nVNdwVmSgDNq/?format=html&lang=pt& (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Cramer D. (2002) Relationship satisfaction and conflict resolution styles: A longitudinal study. *Journal of Psychology*, 136(1), 119-128 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.taylorfrancis.com/books/mono/10.4324/9780203430897/basic-statistics-social-research-duncan-cramer (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Zhengiskykzy A., Kudaibergenova G., Rogaleva L., Kudaibergenova S., Aliyeva Zh. (2026). Cultural adaptation and factor structure of the kazakh version of the brief cope. *The Journal of Psychology and Sociology*, 96(1), 5-18. DOI: 10.26577/JPsS20269611 [Электрондық ресурс]: URL: https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/kk/article/view/2228 (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Кульшарипова З.К., Забегалин А.О., Аяпбергенова Г.С., Тапалова О.Б. (2023). Взаимосвязь копинга стратегий и стрессоустойчивости студентов. *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология*, 74(1), 124–132. DOI: 10.51889/1728-7847.2023.1.74.016 [Электрондық ресурс]: URL: https://bulletinpsychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1149 (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Адильжанова К., Кулмышева Н., Абишева Ш., Жаканбаева Б. (2025). Социально-психологические методы решения конфликтов среди подростков. *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология*, 84(3), 254-267. DOI: 10.51889/2959-5967.2025.84.3.023 [Электрондық ресурс]: URL: https://bulletinpsychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/2277 (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

Сычев О.А., Аношкин И.В. (2024) Русскоязычная адаптация опросников стилей и эффективности решения конфликтов в близких отношениях. *Психологические исследования*, 21(1), 32-54. DOI: https://doi.org/10.17323/1813-8918-2024-1-32-54 [Электрондық ресурс]: URL: https://psyjournal.hse.ru/data/2024/03/30/2144757357/%D0%A2.%2021.%20%E2%84%96%201.%202024%2032-54.pdf (өтінім берілген күні: 17.01.2026).

References

Altalhi H.H., Alshammri S.N. (2018) Cooperation in Negotiation Is the Way to Creativity: A Case from the Royal Commission Yanbu Colleges and Institutes. *Journal of Human Resource and Sustainability Studies*, 6, 149-156. DOI: https://doi.org/10.4236/jhrss.2018.61033 [Electronic resource]: URL: https://www.scirp.org/journal/paperinformation?paperid=83410 (date of access: 17.01.2026).

Thomas K.W. (1976) Conflict and conflict management. In: Dunnette, M. (ed.) *Handbook of industrial and organizational psychology*. Chicago: Rand McNally, 889-935 [Electronic resource]: URL: https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=2241171 (date of access: 17.01.2026).

Kurdek L.A. (1994) Conflict Resolution Styles in Gay, Lesbian, *Heterosexual Nonparent, and Heterosexual Parent Couples. Journal of Marriage and Family*, 56(3), 705-722. DOI: https://doi.org/10.2307/352880 [Electronic resource]: URL: https://www.jstor.org/stable/352880 (date of access: 17.01.2026).

Kurdek L.A. (1998) Relationship Outcomes and Their Predictors: Longitudinal Evidence from Heterosexual Married, Gay Cohabiting, and Lesbian Cohabiting Couples. *Journal of Marriage and Family*, 60(3), 553-568. DOI: https://doi.org/10.2307/353528 [Electronic resource]: URL: https://www.jstor.org/stable/353528 (date of access: 17.01.2026).

Bonache H., Ramírez-Santana G., Gonzalez-Mendez R. (2016) Conflict resolution styles and teen dating violence. *International journal of clinical and health psychology*, 16(3), 276-286. DOI: https://doi.org/10.1016/j.ijchp.2016.03.003 [Electronic resource]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1697260016300242?via%3Dihub (date of access: 17.01.2026).

Trifan T.A., Meeus W., Branje S. (2024) The dimensionality of the Conflict Resolution Styles Inventory across age and relationships. *Frontiers in Psychology*, 15, 14322. DOI: https://doi.org/10.3389/fpsyg.2024.14322 [Electronic resource]: URL: https://www.frontiersin.org/journals/psychology/articles/10.3389/fpsyg.2024.1233279/full (date of access: 17.01.2026).

Ramírez A., Medina-Maldonado V., Burgos-Benavides L., Alfaro-Urquiola A.L., Sinchi H., Herrero Díez, J., Rodríguez-Díaz, F.J. (2024) Validation of the Psychometric Properties of the Conflict Resolution Styles Inventory in the University Population. *Social Sciences*, 13(11), 615. DOI: https://doi.org/10.3390/socsci13110615 [Electronic resource]: URL: https://www.mdpi.com/2076-0760/13/11/615 (date of access: 17.01.2026).

Rahim M.A. (1983) A measure of styles of handling interpersonal conflict. *Academy of Management Journal*, 26(2), 368-376. DOI: https://doi.org/10.5465/255985 [Electronic resource]: URL: https://psycnet.apa.org/record/1983-27060-001 (date of access: 17.01.2026).

Fincham F.D., Beach S.R.H., Davila J. (2007) Longitudinal relations between forgiveness and conflict resolution in marriage. *Journal of Family Psychology*, 21(3), 542-545. DOI: https://doi.org/10.1037/0893-3200.21.3.542 [Electronic resource]: URL: https://psycnet.apa.org/record/2007-12912-024 (date of access: 17.01.2026).

Fortin A., Parent S., Pagani L. (2020) Adaptation and validation of the Conflict Resolution Styles Inventory for French-Canadian adolescents. *Canadian Journal of Behavioural Science*, 52(2), 115-126 [Electronic resource]: URL: https://static1.squarespace.com/static/629ead1ce5a7ea59a85d798d/t/645d134b9585df4cf827b2be/1683821387655/Fortin%2Bet%2Bal.%2C%2B2020%2B-%2BValidation%2Bof%2Bthe%2BFrenchCanadian%2BAdaptation%2Bof%2Bthe%2BConflict%2BResolution%2BStyles%2BInventory%2Bfor%2BAdolescents%2Bin%2BDating%2BRelationships.pdf (date of access: 17.01.2026).

Dost-Gözkan A. (2019) Adolescents' Conflict Resolution with Their Parents and Best Friends: Links to Life Satisfaction. *J Child Fam Stud 28*, 2854-2866. DOI: https://doi.org/10.1007/s10826-019-01465-x [Electronic resource]: URL: https://link.springer.com/article/10.1007/s10826-019-01465-x (date of access: 17.01.2026).

van Doorn M.D., Branje S.J.T., Meeus W.H.J. (2011) Developmental Changes in Conflict Resolution Styles in Parent-Adolescent Relationships: A Four-Wave Longitudinal Study. *J Youth Adolescence 40*, 97-107. DOI: https://doi.org/10.1007/s10964-010-9516-7 [Electronic resource]: URL: https://link.springer.com/article/10.1007/s10964-010-9516-7 (date of access: 17.01.2026).

Costa L.B.D.S., Camino C.P.D.S., Pereira C.R., Nascimento A.M.D., Assis N.L.P.D. (2023) Escala de estratégias de resolução de conflitos familiares: adaptação e evidências psicométricas. *Psico-USF*, 28(4), 669-683. DOI: https://doi.org/10.1590/1413-82712023280402 [Electronic resource]: URL: https://www.scielo.br/j/pusf/a/8ntmRzDpRQ3nVNdwVmSgDNq/?format=html&lang=pt& (date of access: 17.01.2026).

Cramer D. (2002) Relationship satisfaction and conflict resolution styles: A longitudinal study. *Journal of Psychology*, 136(1), 119-128 [Electronic resource]: URL: https://www.taylorfrancis.com/books/mono/10.4324/9780203430897/basic-statistics-social-research-duncan-cramer (date of access: 17.01.2026).

Zhengiskykzy A., Kudaibergenova G., Rogaleva L., Kudaibergenova S., Aliyeva Zh. (2026). Cultural adaptation and factor structure of the kazakh version of the brief cope. *The Journal of Psychology and Sociology*, 96(1), 5–18. DOI: 10.26577/JPsS20269611 [Electronic resource]: URL: https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/kk/article/view/2228 (date of access: 17.01.2026).

Kulsharipova Z.K., Zabegalin A.O., Ayapbergenova G.S., Tapalova O.B. (2023). Vzaimosvyaz' kopinga strategij i stressoustojchivosti studentov. *Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Psihologiya*, 74(1), 124–132. DOI: https://doi.org/10.51889/1728-7847.2023.1.74.016 [Electronic resource]: URL: https://bulletinpsychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1149 (date of access: 17.01.2026).

Adil'zhanova K., Kulmysheva N., Abisheva Sh., Zhakanbaeva B. (2025). Social'no-psihologicheskie metody resheniya konfliktov sredi podrostkov. *Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Psihologiya*, 84(3), 254–267. DOI: https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.84.3.023 [Electronic resource]: URL: https://bulletinpsychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/2277 (date of access: 17.01.2026).

Sychev O.A., Anoshkin I.V. (2024) Russkoyazychnaya adaptaciya oprosnikov stilej i effektivnosti resheniya konfliktov v blizkih otnosheniyah. *Psihologicheskie issledovaniya*, 21(1), 32-54. DOI: https://doi.org/10.17323/1813-8918-2024-1-32-54 [Electronic resource]: URL: https://psyjournal.hse.ru/data/2024/03/30/2144757357/%D0%A2.%2021.%20%E2%84%96%201.%202024%2032-54.pdf (date of access: 17.01.2026).

Поступила в редакцию: 10.02.2026
Одобрена: 31.03.2026
Первая публикация: 26.06.2026